

## Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 8 қаңтар N 8. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.07.21. N 1020 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1999.07.21. N 1020 қаулысымен. P991020\_

"Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 8 желтоқсандағы N 3783 U973783\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).
2. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің штат саны 30 адам болып, оның ішінде Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қызметкерлерінің санын қысқарту есебінен 13 адам санында бекітілсін.
4. 3 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.
5. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі алқасының құрамы 9 адам болып бекітілсін.
6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігінің аппаратын ұстауға қажетті қаржы бөлсін.
7. Облыстардың, Алматы қаласы мен астананың әкімдері "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңын көші-қон және демография жөніндегі аумақтық органдар құру бөлігінде атқаруды қамтамасыз етеді.
8. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын іске асыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 P971551\_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 2-қосымшасына:

"Еңбекәлеуметмині" деген жолдағы "174" деген сан "161" деген санмен ауыстырылсын.

9. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бір айлық мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын шығарылған актілерін Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 8 желтоқсандағы N 3783 Жарлығына, сондай-ақ осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 8 қаңтардағы  
N 8 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография  
жөніндегі агенттігі туралы

ЕРЕЖЕ

Миссиясы

Халық көші-қон саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және халық санының өсуі жөніндегі саясатты қамтамасыз ету.

## I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін, өз қызметін басқа республикалық атқарушы органдармен, облыстардың, Алматы

мен астананың әкімдерімен өзара іс қимылда жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Агенттік өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, халықаралық шарттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Агенттік заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы, есеп айырысу шоты және банк мекемелерінде өзге де /оның ішінде валюталығы да/ шоттары, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған елтаңбалы мөрі, сондай-ақ басқа да мөрлері мен мөртаңбалары бар.

4. Агенттік аппаратын қаржыландыру республикалық бюджетте орталық атқарушы органдарды ұстауға көзделген қаржы есебінен жүзеге асырылады.

## II. Агенттік қызметінің басымдықтары

5. Агенттік қызметінің негізгі басымдықтары мыналар болып табылады: Қазақстан Республикасының Конституциясында баянды етілген адамның тұратын орнын таңдау, еңбек бостандығы, қызмет және кәсіп түрін таңдау бостандығы, кету бостандығы, жүріп-тұру бостандығы құқығын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарына, халықаралық нормаларға және Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымның ұсынымдарына сәйкес республиканың қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайын, оның тарихи өткені мен дәстүрлерін, даму перспективаларын ескере отырып көші-қон саясатын іске асыру;

қазақтардың өздерінің тарихи отанына оралуына жан-жақты жәрдемдесу, оларды орналастыруды ұйымдастыру және байырғы ұлт өкілдеріне атаулы көмек көрсету мен әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етудің кешенді басқа да шараларын жүзеге асыру;

мүмкін көші-қон болжамына негізделген орта мерзімді және ұзақ мерзімді іс-қимыл бағдарламаларындағы әлеуметтік-экономикалық ынталандыруларды жасау негізінде елдің ішінде де, сондай-ақ одан тыс жерлерде де бей-берекет және тәртіпке келтірілмеген процестердің алдын алуға жәрдемдесу және көші-қон лектерін әлеуметтік экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты бағыттау;

көшіп-қонушыларды жаңа тұратын жерінде олардың жеке өздерінің қатысуымен және әрбіріне мемлекеттік қолдау көрсетіп, бірінші кезекте экологиялық және табиғи апаттар аймағынан келген қоныс аударушыларды жайластыру;

босқындарды халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда,

оларды өздерінің келген елдеріне кетіруге немесе мәжбүрлеп қайта оралуына тыйым салу;

басқа елдермен халықтың көші-қоны, оның ішінде жасырын көшіп-қонуды азайту саласындағы мәселелер бойынша ынтымақтастық жасау;

демографиялық процестерге талдау жасау және болжамдау, республика халқының санын өсіру жөніндегі саясатты қамтамасыз ету.

### III. Агенттіктің негізгі міндеттері

6. Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:  
халықтың санын өсіруді қамтамасыз ететін мемлекеттік көші-қон және демографиялық саясатты әзірлеу және іске асыру;  
республикада халықтың көші-қоны саласындағы барлық жұмысты үйлестіру;  
халықтың көші-қоны және демография саласында заң жобаларын, басқа да нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, қолданылып жүрген заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;

мемлекеттік көші-қон және демографиялық бағдарламалардың жобаларын әзірлеу, оларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен көшіп-қонушыларға атаулы көмек пен қолдау көрсету;

репатрианттарға және басқа да көшіп-қонушыларға республикалық жер және мемлекеттік тұрғын үй қорынан Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жер учаскелері мен тұрғын үй алуға жәрдемдесу;

басқа мемлекеттермен, олардың үкімет органдарымен халықтың

көші-қоны мәселелері бойынша келісімдердің (шарттардың) жобаларын әзірлеу;

репатрианттарды қабылдауды және уақытша орналастыруды ұйымдастыру, жаңа тұратын жерлерінде жайласуына көмектесу.

Босқындармен және басқа да қоныс аударушылармен жұмыс істеу;

республика аумағына келген адамдардың заңдарға сәйкес құқықтық мәртебесін тану;

елдегі көші-қон процестерін басқару;

белгіленген тәртіппен халықаралық және шетел ұйымдарымен көші-қон мәселелері бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыру.

### IV. Агенттіктің функциялары

7. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды орындауды жүзеге асырады:

елдегі көші-қон процестеріне талдау жасайды және болжамдайды және бұл туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдарды хабардар етеді;

халықтың көші-қонын реттеу жөніндегі шаралар туралы ұсыныстар әзірлейді;

халықтың көші-қоны мен демографиясы саласында республикалық және мемлекетаралық тұжырымдамалар мен бағдарламалардың негізгі бағыттарының жобаларын әзірлейді, оларды орындауды қамтамасыз етеді;

республикада ішкі және сыртқы көші-қонның, демографиялық жағдайдың ағымдағы және ұзақ мерзімді болжамдарын әзірлейді;

көші-қон проблемалары жөніндегі заңдардың іске асырылуына бақылау жасайды. Министрліктер мен ведомстволардың, ұйымдардың қолданылып жүрген заңдар мен Қазақстан Республикасының көші-қон мәселелері жөніндегі нормативтік актілеріне қайшы келетін бұйрықтарының, нұсқаулықтарының, нұсқауларының күшін тоқтата тұру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

шетелдегі қазақ диаспорасының тарихи отанына ерікті түрде қоныс аударуына байланысты проблемаларды зерделейді;

Қазақстан Республикасының Үкіметінің қарауына көшіп келу квотасын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

көші-қон және демография жөніндегі аумақтық органдармен бірлесіп;

босқындарды, репатрианттарды (оралмандарды), реэмигранттарды және мәжбүрлі қоныс аударушыларды бекітілген көшіп келу квотасының шегінде қоныс аударуды, қабылдауды және жайластыруды;

көшіп-қонушыларды тіркеуді және есепке алуды, оларға белгіленген тәртіппен сараланған жәрдемақылар мен басқа да төлемдер төлеуді ұйымдастырады;

ұйымдардың өтініштерін қарайды және Қазақстан Республикасына шетел жұмыс күшін тартуға /жұмысқа қабылдауға/ лицензия береді. Тартылған жұмыс күшінің лицензияның қолданылу мерзімі ішінде пайдаланылу тиімділігін талдайды;

Қазақстанның шетелдегі өкілдіктерінің, мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының, сондай-ақ жекелеген ұйымдардың шетелдіктер мен олардың отбасы мүшелерінің белгіленген көшіп келу квотасына сәйкес қоныс аударуы туралы өтініштері туралы ұсыныстарын зерделейді және қорытындылар

әзірлейді;

облыстардың, Алматы қаласы мен астананың көші-қон қызметтерінің жұмысына басшылық жасайды және олардың жұмысын үйлестіреді;

белгіленген тәртіппен репатрианттарды /оралмандарды/ олардың жұмыспен қамтылуын ескере отырып, жинақы орналастыру мәселелерін қарайды және шешеді;

көші-қон проблемаларын шешуге заңдарға сәйкес берілген қаржы қаражаты мен материалдық ресурстарды бөледі. Бөлінген қаражаттың пайдаланылуына бақылау жасайды, қажет болған жағдайларда көші-қон және демографиялық бағдарламаларды жүзеге асырудың басымдықтары мен мерзімдеріне сүйене отырып, жұмсалмаған қаражатты қайта бөледі;

халықаралық ұйымдармен демография және халықтың көші-қоны мәселелері бойынша ынтымақтастық жасайды, белгіленген тәртіппен олардың жұмысына қатысады;

белгіленген тәртіппен халықтың көші-қоны мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының конвенциялары мен басқа да халықаралық шарттарын бекіту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

азаматтардың хаттарын, арыздары мен ұсыныстарын қарайды, олар бойынша қажетті шаралар қабылдайды, Агенттіктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша азаматтарды қабылдайды.

## V. Агенттіктің құқықтары

### 8. Агенттіктің өз құзыретінің шегінде:

орталық және жергілікті атқарушы органдар, меншік нысанына қарамастан ұйымдар үшін міндетті шешімдер қабылдауға;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша үкімет органдарымен, ведомстволармен, кәсіпорындармен, мекемелермен, басқа мемлекеттердің ұйымдарымен Қазақстан Республикасының аумағынан мәжбүрлі немесе ерікті түрде кеткен отандастардың Қазақстан Республикасына қоныс аударуы мәселелері бойынша, сондай-ақ еңбек көші-қоны бойынша келісімдер жасауға;

көшіп келушілердің өздерін репатрианттар /оралмандар/, реэмигранттар, мәжбүрлі қоныс аударушылар не босқындар деп тану туралы немесе оларға бұдан бас тарту туралы шешімдер қабылдауға;

Қазақстан Республикасында саяси баспана алуға тілек білдірген адамдардың жазбаша өтініштерін қарауға, қажетті құжаттарды ресімдеуге және саяси баспана беру туралы куәліктер беруге;

Қазақстан Республикасындағы көші-қон мен демографияның жай-күйіне

ықпал ететін қаржы-несие, инвестиция, салық, аймақтық саясат шараларын әзірлеуге қатысуға;

көші-қон және демография мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер әзірлеуге және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізуге;

шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға еңбек қызметін жүзеге асыруға тиісті рұқсаттар беруге;

орталық және жергілікті атқарушы органдардан, оның ішінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитетінен Агенттіктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мәліметтер сұратуға. Заңда белгіленген тәртіппен демография және халықтың көші-қоны мәселелері бойынша бастапқы есеп пен статистикалық есеп берудің нысандарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

көшіп-қонушыларды әлеуметтік қолдауға бағытталған қайырымдылық акциялары мен шараларын жүргізуді ұйымдастыруға;

белгіленген тәртіппен конференциялар мен семинарлар өткізуге, баспа қызметін жүзеге асыруға, оның ішінде демография және халықтың көші-қон проблемалары бойынша анықтама және басқа да баспа өнімін шығаруға құқығы бар.

## VI. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру және оның жауапкершілігі

9. Агенттікті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын Төраға басқарады.

Агенттік төрағасының Агенттік төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын орынбасары болады.

Агенттік төрағасы:

Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жеке жауап береді;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген қызметкерлердің саны мен еңбек ақы қорының шегінде Агенттік орталық аппаратының штат кестесін, оны ұстауға арналған шығыстар сметасын, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді бекітеді;

өзінің өкілеттіктерінің шегінде республиканың бүкіл көші-қон қызметтері органдарының орындауы міндетті бұйрықтар шығарып, нұсқаулар береді.

10. Агенттікте алқа құрылады, оның санын Үкімет, ал жеке құрамын - Агенттіктің төрағасы бекітеді.

11. Облыстарда, Алматы қаласы мен астанада көші-қон және

демография жөніндегі басқармалар, аудандарда - көші-қон бөлімдері құрылады.

Көші-қон және демография жөніндегі басқармалардың бастықтарын Агенттік төрағасының келісімі бойынша тиісті облыстардың, Алматы қаласы мен астананың әкімдері қызметке тағайындап, қызметтен босатады.

Көші-қон және демография жөніндегі облыстық басқармалардың, Алматы қаласы мен астана басқармаларының аппараттарын қаржыландыру жергілікті бюджеттің есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 12 қаңтардағы  
N 8 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасының Көші-қон және  
демография жөніндегі агенттігі аппаратының

## ҚҰРЫЛЫМЫ

Көші-қонды басқару

Көші-қон және демографиялық бағдарламаларды  
талдау, әзірлеу және іске асыру басқармасы

Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография  
жөніндегі агенттігінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бөлім